# Ауыл шаруашылығы өндірісін автоматтандыру бойынша қызметтегі кәсіби стандартты бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 20/49 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 21 мамырда № 9434 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 393 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.12.2020 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5 бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі "Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2013 жылға қаражат бөлу және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 406 қаулысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Ауыл шаруашылығы өндірісін автоматтандыру бойынша қызметтегі кәсіби стандарт бекітілсін.

2. Егіншілік департаменті (А.А. Буць) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен кәсіби стандартты енгізуге шаралар қабылдасын.

3. Әлеуметтік саясат басқармасы (С.С. Лепешко) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әлеуметтік саясат басқармасына ( С.С. Лепешко) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр А.Мамытбеков

Келісілген
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
Т. Дүйсенова ___________
2014 жылғы 7 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2014 жылғы 21 қантардағы
№ 20/49 бұйрығымен
бекітілген

# Ауыл шаруашылығы өндірісін автоматтандыру бойынша қызметтегі кәсіби стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. Ауыл шаруашылығы өндірісін автоматтандыру бойынша қызметтегі кәсіби стандарты (бұдан әрі - КС):

1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;

2) кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарының мерзімін белгілеуге;

3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарының мерзімін белгілеуге;

4) кәсіби қызметтің мәніне бірыңғай талаптар әзірлеуге, еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;

5) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге;

6) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

7) кәсіби даярлығын бағалаудан өткізу және мамандар біліктіліктерінің сәйкестіктерін растауға арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру мекемелері түлектері, жұмысшылар;

2) ұйымдардың басшылары мен жұмысшылары, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. КС негізінде кәсіпорындар қызметінің функционалдық үлгілеріне, лауазымына, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, аттестациядан өткізу, еңбекке ынталандыру жүйесіне ішкі, корпоративті стандарттар және басқалар әзірленуі мүмкін.

4. Осы КС-да төмендегі терминдер мен аңықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – жұмысшының еңбектің нақты түрін орындауда кәсіби дайындығының дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – атқарылатын жұмыстардың күрделілігі, дербестігі мен жауаптылығы көрінетін қызметкердің біліктілігіне (құзыреттілігіне) қойылатын талаптар деңгейі;

3) еңбек заттары – нақты еңбек құралдары көмегімен өнім әзірлеу мақсатында жұмысшының әрекеттері бағытталған заттар;

4) еңбек құралдары – еңбек заттарын бастапқы жағдайынан өнімге түрлендіруде жұмысшының қолданатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиынымен құрамдастырылған кәсіби қызмет саласының құрама бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек үрдісінің бір немесе бірнеше міндетін шешуге бағытталған өзара байланысқан әрекеттер жиыны;

7) кәсіби қызметтің саласы – ортақ интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіліктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) КС – кәсіби іс-әрекеттің нақты саласындағы біліктілік деңгейлерге, құзыреттіліктерге, сонымен қатар еңбек мазмұны, сапасы және шарттарына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт;

9) КС бірлігі – КС еңбек қызметінің нақты түрі бойынша маңызды, қатысымды дербес, аяқталған, бүтін нақты еңбек функциясының толық сипаттамасының құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы білімді, ептілікті және практикалық дағдыларды талап ететін және білімі туралы тиісті құжаттармен нақтыланатын адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

11) құзыреттілік – қызметкердің кәсіби қызметте білімін және іскерлігін қолдану қаблеті;

12) лауазым – лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

13) міндет – нақты еңбек заттары мен құралдарын пайдаланып еңбек функциясын жүзеге асырумен және нәтижеге жетуге байланысты әрекеттер жиынтығы;

14) сала – өндірілетін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ мекемелер мен ұйымдардың жиыны;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығындағы танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

17) функционалдық карта – бір немесе басқа да кәсіби қызмет саласында нақты қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

## 2. КС паспорты

5. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеушісі 03-2007: 01 Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызмет көрсету.

6. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: персоналды ауыр жұмыстан толық немесе жартылай босату мақсатында автоматтандырылған және автоматтық технологиялық құралдарды ендіру.

КС ауылшаруашылығын автоматтандыру кәсіби қызмет саласында еңбек мәніне, сапасына, жағдайына және қызметкерлердің біліктілігі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

7. Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшасында берілген.

Стандарт талаптары қызмет түрлеріне және осы саланың төмендегі кәсіптеріне жатады:

құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы;

шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторы;

мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы;

жемшөпті дайындау бойынша цехтардың операторы;

қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы.

## 3. Еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкалары

## 1-параграф. Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы

8. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-4.

9. Лауазымның мүмкін атаулары: құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы.

10. "Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: құстарға механизацияланған күтім жұмыстарын, жабдыққа техникалық күтім.

11. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

12. Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторының еңбек шарттарына, біліміне мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

13. Еңбек функцияларын айқындайтын, құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 2- қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

14. Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

15. Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5, 6, 7-кестелерінде көрсетілген.

## 2-параграф. Шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторы

16. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-4.

17. Лауазымның мүмкін атаулары: шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторы.

18. "Шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: шошқаларға механизацияланған күтім жұмыстарын, механизмдердің жұмыстарына күтім.

19. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

20. Шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторының еңбек шарттарына, біліміне мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

21. Еңбек функцияларын айқындайтын, шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшаның 3-кестесінде да көрсетілген.

22. Шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторы орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 3-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

23. Шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 5, 6, 7-кестелерінде көрсетілген.

## 3-параграф. Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы

24. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3-4.

25. Лауазымның мүмкін атаулары: мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы.

26. "Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: мал шаруашылығында механизацияланған жұмыстар.

27.Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

28. Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторының еңбек шарттарына, білімнеі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

29. Еңбек функцияларын айқындайтын, мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 4-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

30. Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

31. Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген

## 4-параграф. Жемшөпті дайындау бойынша цехтардың операторы

32. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3-4.

33. Лауазымның мүмкін атаулары: жемшөпті дайындау бойынша цехтардың операторы.

34. "Жемшөпті дайындау бойынша цехтардың операторы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: жемді механизацияландырылып дайындау, тарату және бөліп беру.

35. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

36. Жемшөпті дайындау бойынша цехтардың операторының еңбек шарттарына, біліміне мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

37. Еңбек функцияларын айқындайтын, жемшөпті дайындау бойынша цехтардың операторы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 5-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

38. Жемшөпті дайындау бойынша цехтардың операторы орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

39. Жемшөпті дайындау бойынша цехтардың операторының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 5, 6-кестелеріндекөрсетілген

## 5-параграф. Қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы

40. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-4.

41. Лауазымның мүмкін атаулары: қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы.

42. "Қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: қойларға механизацияланған күтім жұмыстарын, жабдыққа қызмет көрсету.

43.Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

44. Қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторының еңбек шарттарына, біліміне мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

45. Еңбек функцияларын айқындайтын, қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 5-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

46. Қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

47. Қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 5, 6, 7-кестелерінде көрсетілген.

## 4. КС әзірлеушілері

48. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі болып табылады.

49. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 7 - қосымшасында көрсетілген.

Ауыл шаруашылығы өндірісін автоматтандыру бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 1-қосымшасы

Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

| № р/с | Қызмет түрі атауы | Еңбек нарығы тенденцияларын есепке алғандағы кәсіп атауы | Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуішісіне сәйкес кәсіптер атауы | СБШ біліктілік деңгейлері |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Ауыл шаруашылық өндірісін автоматтандыру | Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы | Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы | 2-4 |
| 2. | Ауыл шаруашылық өндірісін автоматтандыру | Шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторы | Шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторы | 2-4 |
| 3. | Ауыл шаруашылық өндірісін автоматтандыру | Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы | Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы | 3-4 |
| 4. | Ауыл шаруашылық өндірісін автоматтандыру | Жемшөпті дайындау бойынша цехтардың операторы | Жемшөпті дайындау бойынша цехтардың операторы | 3-4 |
| 5. | Ауыл шаруашылық өндірісін автоматтандыру | Қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы | Қой шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы | 2-4 |

Ауыл шаруашылығы өндірісін автоматтандыру бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 2-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

| Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ) | |
|---|---|
| Базалық топ | 6121 Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы |
| | |

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА) | |
| Шығарылым, БТБА тарауы | 64-шығарылым, 20-тарау: "Ауыл шаруашылығында жұмыс пен жұмысшылардың кәсібі" |
| БТБА бойынша кәсібі | Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы |
| СБШ біліктілік деңгейі | БТБА бойынша разрядтар |
| 2 | 2 |
| 3 | 3-5 |
| 4 | 6 |

## 2-кесте. Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|---|---|
| Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым) | | Құс фабрикалары, мал мен құсты өсіретін ауыл шаруашылық бірлестіктер, фермалар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | | Жоқ |
| Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары | | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі | Қажетті еңбек тәжірибесі |
| 2 | Негізгі жалпы орта білім бар болған жағдайда, бірақ бастауыш білімнен төмен емес (білім беру ұйымының базасында немесе мекемеде оқу) практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық | Талап етілмейді |
| 3 | Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білім немесе техникалық және кәсіби білім бар болған жағдайда (білім беру ұйымының базасында біл жылдық кәсіби дайындық бағдарламасы бойынша курстар немесе мекемеде оқу) практикалық тәжірибе | Талап етілмейді |
| 4 | Жоғарғы деңгейлі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық), практикалық тәжірибе | Тәжірибесі 1 жылдан кем емес |

## 3-кесте. Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі) |
|---|---|
| 1 | Жұмыртқаларды жинау, сорттау, калибрлеу, жуу, маркерлеу, қоя және орау; ыдысты орау жеріне жеткізу, қораптарды жинау мен оралған өнімді жинау жеріне жеткізу; залалсыздандыру, жұмыртқаны сәулелеу мен инкубаторға салу; жұмыртқаларға бақлау және кемтарларды брактау |
| | Құстарға механизацияланған күтім жұмыстарын; құстарды тамақтандыру, су беру; құстарды ұстау мен торға қою, басқа цехқа тасу мен жеткізу, союға беру, мемлекеттік |

| | |
|---|---|
| 2 | стандартқа сай брактау, төлді сәулелеу, санау, салмаққа тарту мен пайдалану; құстардың өнімділігін арттыру үшін іс шаралар жүргізу; профилактикалық және емдеу жұмыстарын жүргізу; тұқымдық құжат жүргізу |
| 3 | Жабдыққа техникалық күтім, жұмысқа дайындау; ғимаратты залалсыздандыру; механизацияның барлық құралдарымен пайдалану; жабдықты дұрстау, реттеу мен кіші ремонт жасау; құстарға арналған ғимаратта ауа алмасуды, температураны және ылғалдықты реттеу;көңді жою, жабдықты, ыдысты және ғимаратты жуу |

4-кесте. Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы орындайтын КС бірліктерінің тізбесі

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек заттары | Еңбек құралдары | Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері) |
|---|---|---|---|
| 1 | Бидай, қораптар, оралған өнім | Жұмыртқа жинау желісі, жұмыртқа сорттайтын машина, калибрлеу үшін жабдық, орау машиналары, толымдайтын машиналар, қораптарды тасмалдайтын арба, тасмалдау үшін күйме | 1-1) Жұмыртқаларды жинау мен өңдеу |
| | | | 1-2) Оралған өнімді тасу |
| 2 | Құс,жем, су, тұқымдық құжат | Құсты автоматты ұстау жабдығы, сақиналау, тамақтандыру машинасы, жем таратушы, астаулар, жем ақырлары, инкубаторлар, құс күркелері, лотоктар, ұйымдастырушы техника, бағдарламалық жасақтама, электронды және қағаз мағлұмат сақтаушы, кеңсе заттар | 2-1) Құстарға механизацияланған күтім |
| | | | 2-2) Тұқымдық құжат жүргізу |
| 3 | Жабдық, қосалқы бөлшек, ғимарат | Жабдықтың қосалқы бөлшектері, құрал-саймандар, дезинфекция үшін қондырғы, дезинфекция үшін заттар, жуғыш заттар | 3-1) Қоймалардың және элевторлардың силостарын жағдайын тексеру |
| | | | 3-2) Тасымалдау құралдары мен жүктеуші құрылғысын тексеру, бидайды орналастыру және жүктеу жоспарын жасау |

5-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 1-1) | Қауіпсіздіктің қарапайым нормалары мен тәртіптерін сақтауда құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторының жеке жауапкершілігі | Қарапайым міндеттерді орындау үшін базалық біліктілік | Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторының еңбек заты жайында базалық білім; қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау тәртібін білу |
| 1-2) | Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторының міндеттерін атқару керектігі | Жұмыс жағдайына байланысты іс әрекеттерді түзету, қиындықты қою, оның | Жабдықтар мен қарапайым құралдар жөнінде базалық білім; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жайында түсінік, нәтижеге жету үшін жауапкершілік | себептері мен қиындықты шешу | қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау тәртібін білу |

6-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 2-1) | Стандартты біртекті практикалық мәселелерді шешу, құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторының жұмысының нәтижесі мен сапасы үшін жауапкершілік | Нұсқаулықпен берілген алгоритммен әрекет тәсілін таңдау және жұмыс жағдайына байланысты әрекетті дұрстау | Жабдықтың негізгі және қарапайым құралдарын, жұмыс процестерінің рәсімдерін білу; қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау тәртібін білу |
| 2-2) | Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторының өзінің денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін, басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін, қоршаған ортаны қорғау үшін жауапкершілік | Қиын емес міндеттерді орындау үшін практикалық және танымдық біліктілік | Өздігінен және кәсіби жайындық кезінде алынған білім; қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау тәртібін білу |

7-кесте. СБШ біліктіліктің 4-деңгейлі құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторы құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 3-1) | Құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторының функционалдық міндеттер шеңберінде жауапкершілік пен керекті ресурстарды анықтау мен бағалау, қойылған нәтижелерге жету үшін уақыт | Өздігінен жоспарлау біліктілігі, еңбек процесі мен оның нәтижелерін атқару мен бағалау | Өздігінен дайындалу және (немесе) өздігінен алу процесінде алынған практиға бағытталған кәсіби білім; қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау тәртібін білу |
| 3-2) | Жұмыс процесін жоспарлауды қамтитын құс фабрикалары мен механикаландырылған фермалардың операторының атқару қызметін түсіну | Қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау тәртібін білу | Материалдарды, жабдықты және құралдарды жинау,сақтау, қозғау, техникалық қызмет көрсету және қолданудың негізгі принциптерін білу; қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау тәртібін білу |

Ауыл шаруашылығы өндірісін автоматтандыру бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 3-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

| Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ) | |
|---|---|
| Базалық топ | 6121 Шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторы |

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА) | |
| Шығарылым, БТБА тарауы | 64-шығарылым, 20-тарау: "Ауыл шаруашылығында жұмыс пен жұмысшылардың кәсібі" |
| БТБА бойынша кәсібі | Шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторы |
| СБШ біліктілік деңгейі | БТБА бойынша разрядтар |
| 2 | 2 |
| 3 | 4-5 |
| 4 | 6 |

2-кесте. Шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|---|---|
| Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым) | | Мал өсіретін ауыл шаруашылық бірлестіктер, шошқа өсіретін фермалар мен кешендер |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | | Жоқ |
| Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары | | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі | Қажетті еңбек тәжірибесі |
| 2 | Негізгі жалпы орта білім бар болған жағдайда, бірақ бастауыш білімнен төмен емес (білім беру ұйымының базасында немесе мекемеде оқу) практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық | Талап етілмейді |
| 3 | Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білім немесе техникалық және кәсіби білім бар болған жағдайда (білім беру ұйымының базасында біл жылдық кәсіби дайындық бағдарламасы бойынша курстар немесе мекемеде оқу) практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық | Талап етілмейді |
| 4 | Жоғарғы деңгейлі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық) , практикалық тәжірибе | Тәжірибесі 1 жылдан кем емес |

3-кесте. Шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі) |
|---|---|
| 1 | Шошқа мал басын қабылдау, сақтықты,, керек кезде союды қамтамасыз ету; айдау мен салмағын өлшеу, ет комбинатына жіберу мен жүктеу |
| | Шошқаларға механизацияланған күтім жұмыстары; жеммен тамақтандыру, мөлшерлеу және жемді бөліп беру кормление, суару;механизмдердің жұмысына күтім; ұрғашы |

| | |
|---|---|
| 2 | шошқаларда құштарлықты анықтау; ұрғашы шошқалардың өнімділігін арттыру үшін іс шаралар жасау; ауырып қалған малды емдеу;жануарларды асырау шарттарын жақсарту үшін іс шараларды атқару |
| 3 | Кезекші селсарьды шақыру; көңді жинау, дезинфекция жасау,ғимаратты жуу мен жинау; техникалық күтім, жабдықтағы ақауларын реттеу мен жою |

4-кесте. Шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторы орындайтын КС бірліктерінің тізбесі

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек заттары | Еңбек құралдары | Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері) |
|---|---|---|---|
| 1 | Шошқалар | Сулау машинасы, бункерлер және дозаторлар | 1-1) Шошқа мал басын қабылдау, айдау |
| | | | 1-2) Малды амалсыз сою, бидайды өлшеу |
| 2 | Шошқалар, жем, су, минералды қоспалар | Жанышқыш механизмі бар станоктар, жармалар, елек-суырғы машиналар | 2-1) Шошқаларға механизацияланған күтім |
| | | | 2-2) Ауырып қалған малды емдеу |
| 3 | Жабдық, ғимарат | Көң тасмалдаушы, бульдозерді күрек, скреперлі қондырғы, жердегі вагонеткалар, кіші габаритты трактор, жуғыш, тазалағыш заттар, залалсыздандырушы заттар (20%-ды ерітінді жаңадан әктас, 10%-ды әктасты сүт) | 3-1) Жабдықтар мен ғимаратты залалсыздандыру мен жинау |
| | | | 3-2) Жабдыққа техникалық күтім |

5-кесте. СБШ біліктіліктің 2- деңгейлі шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторы құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 1-1) | Қауыпсіздіктің қарапайым нормалары мен тәртіптерін сақтауда шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторының жауапкершілігі | Қарапайым міндеттерді орындау үшін базалық біліктілік | Шошқа шаруашылығы кешендерінің мен механикаландырылған фермалардың операторы еңбек заты жөнінде базалық білім; қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау тәртібін білу |
